

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы

25.09.2023ж.

Қатысқандар: АК төрағасы: А.Исаева, АК мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнақожаев және АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нүридін АК мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

Қатыспағандар – жоқ.**Күн тәртібі:**

1. 2023-2024 оқу жылына АК жұмысының жоспары мен құрамын талқылап бекіту
2. Бакалавриат деңгейінде ББ бойынша ОПК – мен талапқа сай қамтамасыз ету туралы
3. ББ бойынша оқу процесінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен қамтамасыз етуі

Тыңдалды:

1. 2023-2024 оқу жылына АК жұмысының жоспары мен құрамын талқылап бекіту **АК төрағасы А.Исаева** мәжіліске қатысушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, мәжілістің 1-ші мәселесі бойынша сөзін бастады. 2023-2024 оқу жылында «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру ережелерімен, АК комитет құрамымен, сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылында «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты бойынша жасалынатын, ұйымдастырылатын жұмыстармен, АК жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша «Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары бойынша ББ сапасын үздіксіз жаңарту және нарықта сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы, практик мамандар және де жұмыс берушілермен бірлесе отырып пікір алысып, бар мәселені отараға салып, оң шешімін қабылдау арқылы жұмыла көтерген жүк жеңіл болатынын, бірлесіп жұмыс жасау қажет екендігін айтты.

Кафедраның профессоры Б.Кылыч сөз алып, Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша дайындалған білім беру бағдарламалары бойынша бірлесе жұмыс атқаруымыз қажет, себебі бұл білім беру бағдарламалары нарықта сұранысқа ие, мұны естен шығармағандығымыз жөн, нарықтың талабы бұл жұмыс берушілердің ұсыныстары, сондықтан сапалы жұмыс жасайық деп өз сөзін аяқтады.

Жұмыс беруші өкілі Б.Нүридін сөз алып қазіргі таңда туризм саласында білікті кадр тапшылығы назарға алынып отырғандығын айтып, жүйелі түрде жұмыс жасау қажет екендігін, оқу орны мен жұмыс беруші арасында байланыс орнап пікірлерін алмасып, қажетті оңды шешімдер қабылданатын болса салаға қосар үлестердің мол болатындығын айтып өтті.

Жұмыс беруші өкілі Н.Д.Медеуов те сөз алып туризм саласының маңыздылығын айтып, сапалы өнім шығару үшін (білімгер) өз тараптарынан үлестерін қосатынын да атып өтті. Ұсынылған АК жоспары мен құрамын АК комитет мәжілісіне қатысушылар бірауыздан қолдап, келісім білдірді.

Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша АК комитет құрамы төмендегідей болып құрылды.

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1.	Исаева Айжан	Менеджмент және туризм	87014871819	АК төрағасы

	Мухановна	кафедрасының аға оқытушысы		
2.	Сабытханова Мөлдір Жамшидқызы	Менеджмент және туризм кафедрасының магистр оқытушысы	87013710193	АК мүшесі, академиялық персонал
3.	Медеуов Нұрдәулет Данабаевич	«Түркістан облысы туризм басқармасы» ММ басшысы	87027585602	АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі
4.	Нұридін Білімжан Бахтиярұлы	«Silk Way Harbor» ЖШС Караван-сарай Туристік кешені	87029576095	өкілі
5.	Уалдинұлы Айдос	6В11157-Туризм ББ студенті	87470108634	АК мүшесі, білімгерлер өкілі

Шешім: АК жұмысының жоспары мен құрамы бекітуге ұсынылсын.

2. Бакалавриат деңгейінде ББ бойынша ОПК – мен талапқа сай қамтамасыз етуі туралы

2-ші мәселе бойынша АК төрағасы А.Исаева сөз алып 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша «Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламасына қабылданған және білім алып жатқан білімгерлерге дәріс жүргізетін оқытушы-профессор құрамының талапқа сай қамтамасыз етілуін 1 қосымша негізінде қарастыруды ұсынды.

«Менеджмент және туризм» кафедрасының меңгерушісі Г.Р.Момбекова сөз алып 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласын даярлау бағыты білім беру бағдарламаларында оқытылатын пәндерді жүргізетін оқытушылар бағыт бейініне сай жасақталынды, практик мамандармен де толықтырылғандығын айтты.

Шешім: 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша дайындалған ОПК мәліметтері негізге алынсын.

3. ББ бойынша оқу процесінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен қамтамасыз етуі

3-ші мәселе бойынша АК төрағасы А.Исаева сөз алып Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылына дайындалған білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен толықтай қамтамасыз етілуі керек екендігін айтты.

Сөз кезегін кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты Б.Шарханова сөз алып білім беру бағдарламалары бойынша дайындалған 2 және 8 қосымшалар бойынша оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың жеткілікті емес екендігін, оқытушы-профессор құрамы тарапынан лекция жинақтары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарының дайындалу керек екендігін ұсынды. Сонымен қатар, 2 және 8 қосымшасы бойынша сатып алуға ұсыныс дайындалып берілгендігін де айтты.

Шешім: Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша оқу процесінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерімен қамтамасыз етілсін.

АК төрағасы



А.Исаева